

**«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жетесова Жанар Алмасовнаның «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ және ағылшын ертегілері бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент филология ғылымдарының докторы, профессор Ислам Айбаршаның**

### ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/с<br>№ | Критерийлер                                                                                                            | Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)                | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.       | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | <p>Жетесова Жанар Алмасовнаның «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ және ағылшын ертегілері бойынша)» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы, «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы»; Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы, Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы, «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген; Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы сынды мемлекеттік үлгікалыптар басшылыққа алынған.</p> <p>Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және еліміздегі мемлекеттік бағдарламаларға</p> |

|    |                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|----|---------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                     | <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>сәйкестігі жағынан талаптарға жауап береді.</p> <p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бойынша «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» бағытына (2.5 Лингвистика) сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу «8D02 – Тіл және әдебиет» бағыты филология саласы «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <p>Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. Жалпы ертегілер көбінесе философиялық яғни мифтік сана және әдебиеттану аспектілеріне қатысты зерттелгендігі белгілі. Аталмыш зерттеу ертегі дискурсы аясында ұлттық танымның тілдегі көрінісін когнитивтік, мәдени және тілдік аспектілердің сабақтастығында зерделейді. Нақтырақ айтсақ, зерттеу жұмысы қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипатын кешенді талдауға бағытталған. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың танымдық және лингвомәдени сипатын зерттеу ғасырлар қойнауындағы мағынасы тереңде жатқан символдық кодтар жүйесін жаңғыртуға мүмкіншілік береді. Зерттеу барысында қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы салғастырмалы талдауға, ұғымдық, бейнелік, құндылық, символдық мағынасын анықтауға, екі лингвомәдениетке тән ортақ және айырым белгілерін ажыратып, олардың себептерін лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдау арқылы түсіндіруге ұмтылыс жасалған. Зерттеуде анималистік лексика, зооним, зооморфизм, зоосемизм,</p> |

|    |                      |                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|----|----------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                      |                                                                                                                                                                                         | <p>қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы мәселелеріне арналған теориялық-әдіснамалық еңбектерге талдау жасалып, негізгі ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынып, диссертацияға қатысты зерттеу бағыттары айқындалған. Жұмыста анималистік лексиканы зерттеудің когнитивті және лингвомәдени орны анықталып, әдіснамасына талдау жасалып, анималистік лексиканы кешенді талдаудың әдіснамасы ұсынылған. Алдымен ертегідегі анималистік лексиканың ұғымдық белгілерін анықтау үшін сөздік мағыналары талданған, бейнелік компонентін анықтау мақсатында екі тілдің мақал-мәтелдері мен фразеологиялық қоры зерделенген. Ертегідегі анималистік концептілердің когнитивтік құрылымы ұғымдық, бейнелік және құндылық ерекшеліктері бойынша талданған. Ассоциативті эксперимент нәтижелері бойынша ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексиканың символдық мағыналары анықталған. Аталмыш зерттеу жұмысы лингвомәдениеттану және танымдық лингвистика, мәдениаралық коммуникация ғылым салалары үшін маңызды.</p> |
| 3. | Өзі жазу принципі    | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>жоғары;</b></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>                            | <p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Автордың өзекті зерттеу тақырыбын таңдауы, тілдік және лингвомәдени мәселелерді шешудегі қолданылған әдіс-тәсілдер, қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары мен өзіндік ғылыми пікірімен қорытылған зерттеу нәтижелері диссертанттың өзі жазу деңгейінің жоғары екендігін дәлелдейді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген;</u></li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol> | <p>Диссертацияның өзектілігінің негізделгендігін зерттеу барысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелерден көруімізге болады. Ертегілерде кездесетін анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті аспектілерін қазақ және ағылшын тілдері негізінде салғастырмалы зерттелуі, әр халықтың дүниетанымдық және мәдени ортақ және айырым белгілерінің анықталуы жұмыстың ғылыми маңыздылығын негіздейді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

|  |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>                                  | <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұндық құрылымы, айқындалған міндеттері мен қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу тақырыбын толықтай айқындайды.</p> <p><i>Бірінші бөлімде</i> анималистік лексика ұғымы, оның анықталуы мен зерттелуі, ертегідегі анималистік лексиканы зерттеудің әдіснамасы, ұстанымдары мен әдістері теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген. Диссертацияның <i>екінші бөлімде</i> ертегі дискурсы өзіндік дискурсивтік заңдылықтары мен құрылымдық ерекшеліктері, тұрақты сөйлеу формулалары бар нарративтік жанр ретінде танылады және ертегі дискурсының көпқабатты қарым-қатынастық деңгейлері айқындалады. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік концептілері ұғымдық, бейнелік және құндылық деңгейлерінде сарапталып, олардың лингвомәдени ерекшелігі мен когнитивті сипаты айқындалады. Оған қоса ертегі дискурсының коммуникативтік аспектісін анималистік кейіпкерлердің өзара әрекеттесуін коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар аясында сараптайды. Диссертация жұмысының <i>үшінші бөлімі</i> қазақ және ағылшын анималистік лексикасына тән ортақ және айырым белгілерді, ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағынасын анықтауға арналған ассоциативті эксперимент талдауына арналған. Диссертация мазмұны тақырыптың атауын толық аша алады.</p> |
|  | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>                | <p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді. Ұсынылып отырған жұмыста қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдау арқылы олардың ортақ және айырым белгілерін анықтауды мақсат етіп алған зерттеудің міндеттері айқын, тұжырымдары нақты берілген.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|  | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толықтай өзара байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p> | <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан толықтай өзара байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Бөлімдері арасында логикалық</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                       | байланыс мазмұндық динамикалық қағидатқа негізделген деп танимыз. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін диссертацияның құрылымдық-мазмұндық сипаты мен әр тараудың соңында берілген қорытындылары нақтылайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|    | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) <u>сыни талдау</u> бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | Автордың қорғауға ұсынып отырған диссертациясындағы қағидаттар мен әдістер, ғылыми шешімдер ізденуші тарапынан сыни талданған, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылған. Ізденуші жануар атауларына қатысты зерттеулерде «анимализм» және «зооним» ұғымдарын синоним ретінде қолдану анималистік лексиканы құрылымдық-функционалдық тұрғыдан талдау үдерісінде бірқатар шектеулерге әкелетіндігін атап көрсетеді. Диссертант қазақ тілі білімінде анималистік лексиканы зерттеулердегі кейбір ұстанымдарға қатысты сыни көзқарасын білдіре отырып, анималистік лексиканы когнитивтік лингвистика, дискурсология бағытында зерттеу мен ертегідегі анималистік лексиканы зерттеудің әдіснамасының жасалуы қажет деп тұжырымдайды. Жұмыста ұсынылған жаңа әдістемелік шешімдер, қағидаттар нақты мысалдармен дәлелденген, сыни тұрғыдан сараланған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі                                                                                                                                                                                                                                                            | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) <u>толығымен жаңа</u> ;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Диссертанттың зерттеу жұмысында тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың жаңашылдық деңгейі төмендегідей:<br>Қазақ және ағылшын ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдаудың кешенді әдіснамасының ұсынылуы толығымен жаңа болып табылады;<br>Қазақ және ағылшын ертегілерінде жиі кездесетін анималистік лексиканың лингвомәдени ерекшелігі, оның когнитивтік сипатының анықталуы толығымен жаңа;<br>Ертегідегі жануарлардың сөйлеу мінез-құлқы: қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасын анықтауы толығымен жаңа;<br>Қазақ және ағылшын анималистік лексикасына тән ортақ және айырым белгілерді анықтауы, ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағынасын ассоциативті эксперимент                                                                                                  |

|    |                                     |                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|----|-------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                                     | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>                                         | <p>нәтижесі арқылы талдауы толығымен жаңа.</p> <p>Диссертант тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы барысында теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ол қорытындылардың жаңалық деңгейі төмендегідей: Біріншіден, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы салғастырмалы талдауға, ұғымдық, бейнелік, құндылық, символдық мағынасын анықтауға, екі лингвомәдениетке тән ортақ және ерекше белгілерін ажыратып, олардың себептерін лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдау арқылы түсіндіруі жаңа; Екіншіден, анималистік лексиканы зерттеудегі лингвомәдени және когнитивті бағыттарды негізге ала отырып, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы зерттеудің кешенді талдау әдіснамасының ұсынылуы жаңа болып табылады.</p> |
|    |                                     | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p> <p>Зерттеу барысында қазақ және ағылшын тіл иелерінің санасында анималистік лексиканың символдық мағыналарының өзектелуін анықтау мақсатында ассоциативті эксперимент жүргізілген. Нәтижесінде анималистік лексиканың ассоциациялық өрісінің кең, тіл иелерінің санасында қалыптасқандығы анықталып, екі тілдік санадағы ассоциациялық байланыстар ертегі мәтіндері мазмұнымен сәйкес келетіндігі дәлелденген. Зерттеу аясында ізденуші заманауи техника мен технологияны ұтымды пайдаланған. Атап айтқанда, ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағыналарын анықтау үшін GoogleForms виртуалды платформасы пайдаланылған.</p>                                                                          |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және                                                                                                | Зерттеу барысында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, зерттеу жұмысындағы барлық түйінді қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы тіл                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |

|    |                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----|----------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                                        | гуманитарлық бағыттары бойынша)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | білімі ғылымында орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан айтылған пікірлерді сараптау және нақты деректерді талдау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген. Қорғауға ұсынылып отырған диссертация бойынша терең және сапалы зерттеу жүргізілген. Өйткені ізденуші аталмыш зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін өзіндік сыни көзқарастарын білдіре отырып толыққанды пайымдаған, дереккөздерді мақсатқа сай талдап, қол жеткізген нәтижелерге сәйкес тұжырымдар жасаған.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін</p> | <p>7.1 Диссертацияда ұсынылған <i>бірінші қағидат</i> нақты дәлелденген. Себебі зерттеу нысанына орай, ғылыми теориялық мәселелерді талдай отырып, анималистік лексика ұғымының тілбіліміндегі зерттелуіне талдау жасайды. Кейбір ғылыми еңбектерде бара-бар қолданып жүрген мағыналас <i>зооним, зооморфизм, зоосемизм, зоосимвол</i> терминдерінің анықтамалары мен олардың қолданыс аясы айқындалған. Зерттеу жұмысының екінші қағидаты, атап айтқанда, анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті аспектілерін салғастырмалы зерттеуде интегративті, яғни тілбілімінің салалары тоғысында зерделеу үшін ұсынылған кешенді талдау әдісі дәлелденді. Ертегідегі анималистік лексиканы кешенді де жүйелі түрде сипаттауға ұсынылған мәтіннен түгелдей теру әдісі, доминанттық талдау әдісі, компоненттік талдау әдісі, концептуалды талдау әдісі, дискурстық талдау әдісі, салғастырмалы талдау әдісі, ассоциативті эксперимент жүргізу сатыларынан тұратын әдіснамалық талдау үлгісі ізденушінің қолжеткізген ғылыми нәтижелерімен пайымдалады.</p> <p><i>Үшінші қағидат</i>, яғни қарастырылып отырған қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың ортақ тақырыптық топтармен қатар, үй және жабайы жануарлардың наным-сенім, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, табиғи орта т.б. эксталингвистикалық факторлармен байланысты</p> |

|  |  |                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> | <p>ерекшеліктері нақты дәлелденген.</p> <p>Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексика мағынасының ұлттық құндылықтардан бастау алатын аксиологиялық сипаттары анималистік метафоралар, теңеулер, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде бейнеленуі нақты тілдік мысалдарға лингвомәдени сараптамалар негізінде <i>төртінші қағидат</i> дәлелденген.</p> <p><i>Бесінші қағидат</i> дәлелденген. Ертегі дискурсы аясында қазақ және ағылшын ертегілері кейіпкерлерінің коммуникация үдерісінде қолданылатын қарым-қатынас құралдарын сараптау негізінде олардың әлеуметтік иерархиялық мәртебесі мен ұлттық санадағы символдық мәніне орай қарастырылып отырған лингвомәдени ортадағы сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктерін жүйелеу, коммуникативтік әмбебап және ерекше коммуникативтік стратегиялар дәлелденген.</p> <p><i>Алтыншы қағидат</i> зерттеу барысында қазақ және ағылшын ертегілеріндегі қасқыр, ит, жылқы т.б. жануарлар мен құстардың жалпы сипатымен қатар, олардың тілдегі коннотативті, символдық мағыналарын және мақал-мәтелдер, фразеологизмдердегі көрінісін лингвомәдени тұрғыда ұлттық таным ерекшеліктеріне талдау нәтижелерімен дәлелденген.</p> <p><i>Жетінші қағидат</i> қазіргі жас ұрпақтың ассоциациялық байланыстары ертегі мәтіндерінде кездесетін анималистік лексиканың мазмұнымен сәйкестігі айқындалып және анималистік символдық мағыналарды ұлттық мәдени құндылықтармен байланысын ажырату деңгейі ассоциативті эксперимент нәтижелері негізінде дәлелденген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес, себебі әр қағидаттың жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3 Ұсынылған қағидаттар жаңа деп танылады. Ізденуші қазақ ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистиканың жаңа бағыттары, атап айтқанда аксиологиялық лингвистика, концептология, ертегі дискурсы, коммуникативтік прагматикалық сөйлеу стратегиялары мен тактикасы аясында,</p> |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|    |                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|----|-------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                 | <p>ассоциативті эксперимент жүргізу арқылы жаңашыл ғылыми негізде зерттеген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең, өйткені ұсынылып отырған кешенді зерттеу тәсілін басқа да тілдер бойынша зерттеулерде қолдануға болады.</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты он үш ғылыми мақала жарияданып, ұсынылған қағидаттар ғылыми мақалаларда дәлелденген. Атап айтқанда, диссертация тақырыбы бойынша Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген басылымдарда бір мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда төрт мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында сегіз мақала жарияланған. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалып, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген.</p> |
| 8. | Дәйектілік принципі<br>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия;<br>2) жоқ                                                                                                                                                                        | Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты жазылған. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне тіл білімінің когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, дискурсологияға қатысты зерттеушілердің еңбектері негізге алынған.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|    |                                                                         | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ                           | Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертация мазмұнында: ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағыналарын анықтау үшін GoogleForms виртуалды платформасын пайдаланып ассоциативті эксперимент жүргізілген.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|    |                                                                         | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | Диссертант тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен толық дәлелденген және расталған:<br>Жүргізілген ассоциативті эксперимент нәтижелерін талдау қазақ және ағылшын тілдік санасында анималистік лексикаға                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |

|   |                               |                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|---|-------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                               | 1) <u>ия</u> ;<br>2) <u>жоқ</u>                                                                                              | қатысты белгілі бір ортақ және айырым белгілердің бар екендігін нақты көрсетті. Аталған екі мәдениеттегі ортақ белгілер анималистік лексиканың тілдің көне қабаты екендігімен, кез келген этностың тарихы, өзін қоршаған табиғатты ертеден танып-біліп, оларды өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде пайдаға асыра білгендігімен көрінетін әмбебап сипаттармен анықталады. Респонденттердің жауаптарынан айқындалған айырым белгілер салғастырылып отырған қазақ және ағылшын мәдениеттері тарихымен, өмір сүру ортасымен, ділімен, дінімен, салт-санасымен, тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерімен түсіндіріледі. |
|   |                               | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған | Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы берілген. Көптеген әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, алынған материалдарының сенімді екендігі сілтемелермен расталған.                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|   |                               | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз                                                  | Диссертацияда маңызды тұжырымдар мен пайымдаулар өзекті және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, оларды басшылыққа алу негізінде жазылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, жалпы саны 155 ғылыми әдебиетті құрайды. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер зерттеу тақырыбы аспектілеріне қатысты таңдалған, қолданылған ғылыми әдебиет диссертация мәтінінде көрініс тапқан және статистикалық, электрондық дереккөздерді жеткілікті түрде пайдаланған, сілтемелері берілген.                                                                                      |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) <u>ия</u> ;<br>2) <u>жоқ</u>                                                  | Диссертацияның теориялық маңыздылығы жоғары. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары, зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар тіл білімінің когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, дискурсология, мәдениаралық коммуникация теорияларының дамуына өзіндік үлесін қосады. Сонымен қатар, анималистік лексиканы зерттеудің теориялық мәселелеріне арналған                                                                                                                                                                                                |

|    |                                 |                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----|---------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                                 | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>                                                    | <p>ізденістер қатарын толықтырады.</p> <p>Зерттеудің практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары деп бағалаймыз. Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерді лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, мәдениетаралық коммуникация пәндері бойынша қолдануға болады. Сонымен қатар, филология мамандығы бойынша «Ертегі дискурсы», «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік атаулардың лингвомәдени және когнитивтік ерекшеліктері» т.б. арнайы курстарды дайындауға болады.</p> |
|    |                                 | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p> | <p>Диссертанттың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Жұмыстың маңызды ғылыми жаңалығының бірі – ертегілердегі анималистік лексиканы зерттеуге арналған кешенді талдау әдістемесінің ұсынылуы.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 10 | Жазу және ресімдеу сапасы       | <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>орташадан төмен</u>;</p> <p>4) <u>төмен</u>.</p>                                                                  | <p>Ғылыми стильді толық ұстанған, академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияда қолданылған негізгі ғылыми ұғымдар, анықтамалар мен терминдер зерттеу тақырыбына сәйкес метатілді қамтиды. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, құрылым жүйесі сақталған, қолданылған ғылыми еңбектерге сілтемелерді дұрыс қолдана білген.</p>                                                                                                                                        |
| 11 | Диссертацияға ескертулер        |                                                                                                                                                                                                              | <p>Диссертацияға ескертулер мен ұсыныстар:</p> <p>- ізденушінің жұмыстың екінші тарауында <i>дискурс, мәтін, нарратив</i> ұғымдарының қолданыс аясын нақтылағаны дұрыс болады деп есептейміз;</p> <p>-коммуникативтік стратегия мен тактиканы түсіндіруде аталмыш ұғымның әскери саладан бастау алатындығын егжей-тегжейлі түсіндіру аса қажеттігі жоқ деп білеміз (70-б.). Айтылған ескертпелерді ұсыныс ретінде қабылдауға болады және олар диссертацияның мазмұнына ешбір нұқсан келтірмейді.</p>                              |
| 12 | Докторант мақалаларының зерттеу |                                                                                                                                                                                                              | <p>Докторанттың шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалары зерттеу тақырыбына сәйкес.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                 |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | тақырыбы<br>бойынша<br>ғылыми деңгейі<br>(диссертация<br>мақалалар<br>сериясы<br>нысанында<br>қорғалған<br>жағдайда ресми<br>рецензенттер<br>докторанттың<br>зерттеу<br>тақырыбы<br>бойынша әр<br>мақаласының<br>ғылыми деңгейін<br>зерделейді) |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 13 | Ресми<br>рецензенттің<br>шешімі (осы<br>үлгі ереженің<br>28-тармағына<br>сәйкес)                                                                                                                                                                |  | Қорыта айтқанда, шешіміміз: жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жетесова Жанар Алмасовнаның «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ және ағылшын ертегілері бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы мол, теориялық және тәжірибелік маңызы бар, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары, аяқталған ғылыми жұмыс ретінде бағалап, Комитетке Жетесова Жанар Алмасовнаға «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасауды қолдаймын. |

Ресми рецензент,  
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық  
қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
aisha\_ling@mail.ru



А. Ислам

|                              |                         |
|------------------------------|-------------------------|
| Қойылған                     | <u>А. Ислам</u>         |
| қолтаңбасын растаймын        |                         |
| Кадрлар бөлімінің инспекторы |                         |
| Подпись                      | <u>А. Ислам</u> заверяю |
| Инспектор отдела кадров      |                         |